ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 10 желтоқсан №7119-24-00-2/15444 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Баткалова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Беделбекова Аяжан Жумагазыевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Өсімпұл өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс

беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

АК-нің 272 бабына сай міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 273 бабына сай заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Іс материалдарына қарағанда, Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мен жеке кәсіпкер Беделбекова Аяжан Жумагазыевна арасындағы 16.05.2024 жылғы №146 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес 32 200 теңгеге тауар 2 бөлікте жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1. тармағының 1) тармақсына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес, Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жеткізу мерзімі тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде, сәйкесінше өтінім

Документ подписан: Баткалова Г. М., 10.12.2024
Дата вступления в законную силу: 13.01.2025, судья Баткалова Г. М., 22.01.2025
7119-24-3-1/14908

шарттың 1 бөлігі бойынша 10.10.2024 жылы жолданған, жеткізу мерзімі 25.10.2024 жыл.

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, тапсырыс беруші 2024 жылғы 29 қазанда өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберген. Шарт 18.11.2024 жылы бұзылған.

Мұндай жағдайларда сот жауапкердің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз ретінде, сондай-ақ тапсырыс беруші үшін шарт жасасу кезінде күткенін алмау кезіндегі жағымсыз салдарларды ескереді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жауапкердің шарттық міндеттемелерді орындамауын және шартты бұзуын ескере отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігінде талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, сот жауапкерден 1 846 теңге мемлекеттік бажды төлеуге кеткен сот шығындарын өндіріп алады.

АК-тің 293-бабының талаптарына сәйкес, айып төлеу (айыппұл, өсім) мәселесі реттеледі.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Жауапкер өз міндеттемелерін орындамағандықтан талап қоюшы 7.3 тармағына сәйкес шарттық тұрақсыздық айыбы 29.10.2024 жылдан 09.11.2024 жылғы кезеңге 32 200 теңге х 0,1% х 11 күн негізінде 354,2 теңге сомасында есеп ұсынған.

Бұл есеп шарттың талаптарына сәйкес келеді және дұрыс болып есептелінеді.

Мұндай жағдайларда жауапкердің қабылданған міндеттемелерін орындамауын ескере отырып, сот талаптың дәлелдері шегінде 354,2 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талапты қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 109-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, сот жауапкерден 10,6 теңге мемлекеттік бажды төлеуге кеткен сот шығындарын өндіріп алады

Документ подписан: Баткалова Г. М., 10.12.2024

Дата вступления в законную силу: 13.01.2025, судья Баткалова Г. М., 22.01.2025

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жеке кәсіпкер Беделбекова Аяжан Жумагазыевнаға қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және өсімпұл өндіру туралы талап қоюы -қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Беделбекова Аяжан Жумагазыевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Беделбекова Аяжан Жумагазыевнадан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Беделбекова Аяжан Жумагазыевнадан Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 354,2 теңге (үш жүз елу төрт теңге 20 тиын) тұрақсыздық айыбы және 10,6 теңге (он теңге 60 тиын) мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Документ подписан: Баткалова Г. М., 10.12.2024

Дата вступления в законную силу: 13.01.2025, судья Баткалова Г. М., 22.01.2025

Судья **Г.М.Баткалова**

Документ подписан: Баткалова Г. М., 10.12.2024

Дата вступления в законную силу: 13.01.2025, судья Баткалова Г. М., 22.01.2025

7119-24-3-1/14908